**Күлтегін жазуы —ежелгі түркі жазба ескерткіші. Моңғолиядағы Қарабаласаған қаласының қираған орнынан солтүстікке қарай 40 км жерге, Орхон өзені бойындағы Эрдени Цзу монастырының (8 ғасыр) жанына орнатылған. Ескерткіштің биіктігі 3,15 м., ені 1,34, қалыңдығы 0,41 м.**



# КҮЛТЕГІН



Күлтегін – Қапаған және Білге қаған дәуіріндегі түркілер мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы. Құтылық қағанның кіші ұлы. Қапаған қайтыс болғаннан кейін, бүкіл түркілер мемлекетінің әскерін Күлтегін басқарды. Ол дана Тоныкөкті ел басқа-ру ісіне қайта шақырды. Күлтегін түркілер мемлекетін нығайту мақсатымен бірнеше рет жорыққа шығып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде танытты.
718 жылы қас жауы табғаштар шабуылына тойтарыс берді. Екі ел арасында бірнеше жыл бойы бейбіт өмір орна-ды. Күлтегін қой жылы ақпанның 27 күні, 47 жасында дүние салды. Оны жерлеуге әлемнің төртбұрышынан, үлкен көрші елдерден белгілі адамдар қатысты.




**Түркі тілдерін зерттейтін әдебиеттерде «Орхон-Енисей жазулары» руника жазуы деп те аталады.**

**Руна – ежелгі гот тайпасының құпия деген сөзіінен алынған. Өйткені бір кездері Орхон, Енисей өзендері бойынан табылған таңба жазудың қай тілде екені оқылмай, көпке дейін құпия болып келген.**

𐱅𐰭𐰼𐰃𐱅𐰏 : 𐱅𐰭𐰼𐰃𐰓𐰀 : 𐰉𐰆𐰞𐰢𐱁 : 𐱅𐰇𐰼𐰜 : 𐰋𐰃𐰠𐰏𐰀 : 𐰴𐰍𐰣 : 𐰉𐰆𐰇
𐰓𐰚𐰀 : 𐰆𐰞𐰺𐱃𐰢 : 𐰽𐰉𐰢𐰣 : 𐱅𐰇𐰚𐱅𐰃 : 𐰾𐰃𐰓𐰏𐰠 : 𐰆𐰞𐰖𐰆 : 𐰃𐰤𐰘𐰏𐰇𐰤𐰢
: 𐰆𐰍𐰞𐰣𐰢 : 𐰋𐰃𐰼𐰚𐰃 : 𐰆𐰍𐱁𐰢 : 𐰉𐰆𐰑𐰣𐰢 : 𐰋𐰃𐰼𐰘𐰀 : 𐱁𐰑𐰯𐰃𐱃𐰋𐰏𐰠
𐰼 : 𐰘𐰃𐰺𐰖𐰀 : 𐱃𐰺𐰴𐱃 : 𐰉𐰆𐰖𐰺𐰸 : 𐰋𐰏𐰠𐰼 : 𐰆𐱃𐰔

𐱃𐰸𐰆𐰔𐰆𐰍𐰔 : 𐰋𐰏𐰠𐰼𐰃𐰉𐰆𐰑𐰣𐰃 : 𐰉𐰆𐰽𐰉𐰢𐰣 : 𐰓𐰏𐰇𐱅𐰃 : 𐰾𐰃𐰓 : 𐰴𐱃
𐰍𐰑𐰃 : 𐱅𐰃𐰭𐰞𐰀 : 𐰃𐰠𐰏𐰼𐰇 : 𐰚𐰇𐰤 : 𐱃𐰆𐰍𐰽𐰴𐰀 : 𐰋𐰃𐰼𐰏𐰼𐰇 : 𐰚𐰇
𐰤 : 𐰆𐰺𐱃𐰆𐰾𐰃𐰭𐰺𐰆 : 𐰸𐰆𐰺𐰃𐰍𐰺𐰆 : 𐰚𐰇𐰤 : 𐰉𐱃𐰾𐰶𐰃𐰭𐰀 : 𐰘𐰃𐰺𐰍𐰺𐰆 :
𐱅𐰇𐰤 : 𐰆𐰺𐱃𐰆𐰾𐰃𐰭𐰺𐰆 : 𐰦𐰀 : 𐰃𐰲 𐰼𐰚𐰃 : 𐰉𐰆𐰑𐰣 : 𐰸𐰆𐰯 : 𐰢
𐰀 : 𐰉𐰆𐰑𐰣

𐰸𐰆𐰯 : 𐰃𐱅𐰓𐰢 : 𐰆𐰞𐰢𐱃𐰃 : 𐰪𐰍𐰖𐰸 : 𐱅𐰇𐰼𐰜 : 𐰴𐰍𐰣 : 𐰇𐱅𐰜𐰤 : 𐰘𐰃𐱁
: 𐰆𐰞𐰺𐰽𐰺 : 𐰃𐰠𐱅𐰀 : 𐰉𐰆𐰭𐰖𐰸 : 𐰃𐰠𐰏𐰼𐰇 : 𐱁𐰦𐰆𐰭 : 𐰖𐰔𐰃𐰴𐰀𐱅𐰏𐰃 :
𐰾𐰇𐰠𐰓𐰢 : 𐱃𐰞𐰆𐰖𐰴𐰀 : 𐰚𐰃𐰲𐰏 : 𐱅𐰏𐰢𐰓𐰢 : 𐰋𐰃𐰼𐰏𐰼𐰇 : 𐱃𐰸𐰆𐰔 :
𐰼𐰾𐰤𐰚𐰀 : 𐱅𐰏𐰃 : 𐰾𐰇𐰠𐰓𐰢 : 𐱅𐰇𐰯𐰇𐱅𐰚𐰀 : 𐰚𐰃𐰲𐰏 : 𐱅𐰏𐰢𐰓𐰢 : 𐰸𐰆𐰺𐰃
𐰍𐰺𐰆 : 𐰘𐰨𐰇𐰇𐰏

𐰚𐰲𐰀 : 𐱅𐰢𐰼𐰴𐰯𐰍𐰴𐰀 : 𐱅𐰏𐰃 : 𐰾𐰇𐰠𐰓𐰢 : 𐰘𐰃𐰺𐰍𐰺𐰆 : 𐰘𐰼𐰉𐰖𐰺𐰸𐰆 :
𐰘𐰃𐰼𐰃𐰭𐰀 : 𐱅𐰏𐰃 : 𐰾𐰇𐰠𐰓𐰢 : 𐰉𐰆𐰨𐰀 : 𐰘𐰃𐰼𐰚𐰀 : 𐱅𐰏𐰃 : 𐰖𐰆𐰺𐱃𐰑𐰢 :
𐰇𐱅𐰜𐰤 : 𐰘𐰃𐱁𐰑𐰀 : 𐰘𐰃𐰏 : 𐰃𐰓𐰃𐰖𐰸 : 𐰼𐰢𐰾 : 𐰃𐰠𐱃𐰆𐱃𐰽𐰴 : 𐰘𐰃𐰼 : 𐰇𐱅𐰜
𐰤 : 𐰘𐰃𐱁𐰼𐰢𐱁 : 𐰉𐰆𐰘𐰃𐰼𐰓𐰀 : 𐰆𐰞𐰺𐰯 : 𐱃𐰉𐰍𐰲 : 𐰉𐰆𐰑𐰣 : 𐰋𐰃𐰼𐰠𐰀 :

𐱅𐰇𐰔𐰠𐱅𐰢 : 𐰞𐱃𐰆𐰣 : 𐰚𐰇𐰢𐱁 : 𐰃𐰾𐰏𐱅𐰃 : 𐰸𐰆𐱃𐰖 : 𐰉𐰆𐰭𐰽𐰔 :
𐰨𐰀𐰋𐰃𐰼𐰇𐰼 : 𐱃𐰉𐰍𐰲 : 𐰉𐰆𐰑𐰣 : 𐰽𐰉𐰃 : 𐰾𐰇𐰲𐰃𐰏 : 𐰍𐰃𐰾𐰃 : 𐰘𐰃𐰢𐱁𐰴 :
𐰼𐰢𐰾 : 𐰾𐰇𐰲𐰃𐰏 : 𐰽𐰉𐰣 : 𐰘𐰢𐱁𐰴 : 𐰍𐰃𐰣 : 𐰺𐰯 : 𐰃𐰺𐰴𐰉𐰑𐰣𐰍 : 𐰨𐰀𐰖𐰍

***Көне түркі жазба ескерткіштері түркологиялық әдебиеттерде негізінен үш топқа бөлінеді. Олар:***

- ***Енисей ескерткіштері. Бұған Енисей өзенінің жоғарғы сағасы мен Тува Якутия Моңғолия жерлерінен табылған көптеген ескерткіштер жатады. Енисей ескерткіштерін зерттеуде В.В.Радлов, С.Е.Малов, Х.Н.Оркун, С.В.Кислев, И.А. Батманов т.б. көп еңбек сіңірді.***

- ***Талас ескерткіштері. Талас ескерткіштерінің табылуы (1896-1898 жылдары, бұрынғы Әулиеата) қазіргі Жамбыл уезінің әкімі, Талас жазуларын табушылардың бірі – В.А.Каллаурдың есіміне байланысты. Талас ескерткіштерінің саны қазір 10-нан асты. Талас ескерткіштерін тауып, аудармаларын жасап, жариялауда Г.Гейкель, В.Радлов, П.Мелиоранский, С. Малов, Ю.Немет, Х.Оркун, С.Киселев, И.Батманов және Л.Кызласов, т.б. шұғылданды.***

- ***Орхон ескерткіштері. Бұған VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың бас кезіндегі Құтлығ қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күлі-чор сияқты ірі ескерткіштер мен он шақты майда ескерткіштер жатады. Орхон ескерткіштерін зерттеуге көптеген ғалымдар ат салысты.***

Бұл жазулардың жалпы көлемі ұзақ. Қазіргі өлшеммен алғанда орта көлемдегі кітапты құрайды. Көптеген тарихи, мәдени, жағраппиялық, саяси деректер бар, сол кездегі халықтың өмірінен, таным-түсінігінен, дүниетанымы мен салт-дәстүрінен хабар береді. Тарихи оқиғалар тізбегі Ұлы қағандардың жорықтары жыраулық-жорықтық үлгідегі әдемі, көркем тілмен баяндалған. Сондықтан көптеген зерттеушілер оларды Көркем шығармаларға жатқызады. Жазбаларды Көне Түркілер мен Көк Түркілер діуіріндегі болған оқиғалар сипатталып, жағрапиялық атаулар, сол кездегі тайпалардың атаулары мен оналасу, таралу аймағы көрінеді. Өкініштісі, Түркі жазба ескерткіштері манихейшіл Ұйғыр қағандығы кезінде аяусыз қиратылған

**Мына ескерткіштерде осы сөз кездеседі**

Күлтегін ғұрыптық кешені және бітіктасы

14 

бұнша: бітік: бітікдеуші: Күлтегін: аталығы: Йолұқтегін: бітіктедім(жаздым жиырма: күн: отырып: бұ тасқа: бұ таңба: көп: Йолұғ тегін: бітіктедім: жылар: ұлдарыңызда: тұйғындарыңызда: игіде: игі еттір: ұша бардыңыз: Таңірі: тірі еткейінше:

bunča: bitig: bitigme: Kültegin: atïsï: Joluγ tegin: bitidim: jegirme: kün:olurup: bu tašqa: bu: tamqa: qop: Joluγ tegin: bitidim: ïyar: oγlanïŋïzda: tuγγunïŋïzda: jegde: jegdür: ertigiz: uča bardïγïz: Teŋiri: tirigedkeči:

Білге қаған ғұрыптық кешені және бітіктасы

17 

...qaγan: ...Yoluγtegin: bitidim:bunča: barïqïγ:bedizig: uzuγ:...qaγan:atïsï: Yoluγtegin: men: ay artuqï: törüt kün: olurïp: bitidim: bedizti:

...қаған: ...Йолықтегін: бітідім: бұнша: барықты: бәдізін: ұзұғ:... қаған: аталығы: Йолықтегін: мен: ай артық: төрт күн: отырып: бітікледім: бәдіздедім:

Ел Етміш Білге қаған (Мойын-чұр) ғұрыптық кешені және бітіктастары

47 

...begnig ben ...bunča bitigig bit...

... ... бектің мен:... бұнша бітікті (жазуды) біт...

Eң ілкі Талықын Чордың боз атығ бініп тегді

Eң ілкі Тадықын Чорлың боз атын мініп тиді

- Талықын//Тадықын   л//д;
- Атығ//атын  ғ//н;
- Бініп//мініп  б//м;
- Тегді//тиді  е//и

Ол ат анта өлді

Ол ат сонда өлді

- Анта//сонда   а//о;  т//д
- Антағ//сондай  ғ//й;

Орхон жазбалары тілінде орын алған сингармонизм құбылысы, яғни көп буынды сөздердің алдыңғы буынындағы дауыстының жуан-жіңішкелігі соңғы буындарға әсер ететіндігі (сөздің біркелкі, бір қатарлы дауыстыларды қабылдайтыны:бäглäр, білгä, өлум сансыз, атлығ), алғашқы буынында еріндік дауысты дыбыс келетін сөздердің екінші буынында еріндік емес, езулік дауыстының келуі (бунсыз,оғлына, тутдым; буңсуз, оғлуңа, тутдум емес), сөз буындарының құрылымдық +типтері (дауысыздардың орналасу тәртібі: дауысты + дауыссыз + дауысты, дауысты+ дауыссыз, дауыссыз+дауысты+дауыссыз), ғ, г, п, р дыбыстарының сөз басындакездейспейтіндігі – осылардың барлығы қазіргі қазақ тіліндегі әдеби нормаға сәйкескеледі.

- Басшы//йорчы  зат есім тудырушы жұрнақ
- Йарақлығ//жарақты  сын е.т.ж
- Тутты//қолға түсірді ж.ө.ш.
- Йоққышдымыз, сүңісдіміз// жоқ қылдық, соғыстық   ж.ж 1-ші жағы көпше түрі
- Йорчын,  йарақлығты//басшыларын, жарақтыларды – көптік жалғау жоқ
- Шылаулар

қоды//бойы; азу//әлде; тегі//дейін